Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық ішінде Нұсқаулықта монтаждау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету барысында орындалуы керек нұсқаулар бар.

Сол себепті, монтаждау және пайдалануға беру алдында тиісті қызмет көрсетуші қызметкерлермен немесе тұтынушымен қарастырылуы керек. Бұл құжат үнемі жабдықты пайдалану орнында болуы керек.

«Қауіпсіздік техникасы бойынша ескерту» бөлімінде берілген қауіпсіздік техникасының жалпы талаптарын ғана емес әрі басқа бөлімдерде берілген арнайы қауіпсіздік техникасы нұсқауларын сақтау керек.

1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні

Жабдыққа орналастырылған нұсқау, мысалы:

- айналу бағытын көрсететін көрсеткі, айдалатын ортаны беруге арналған ағын келте құбырының таңбалануы,
- айдалатын ортаны беруге арналған ағын келте құбырының таңбалануы,

кез келген мезетте оқуға болатындай тәртіппен орындалуы және сақталуы керек.

1.3 Қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігі және оларды оқыту

Пайдалану, техникалық қызмет көрсету, бақылау және жабдықты монтаждау жұмыстарын орындайтын қызметкерлер орындалатын жұмысқа сәйкес біліктілікке ие болуы керек. Қызметкерлер жауапты және бақылануы керек сұрақтар ауқымы және біліктілік ауқымы тұтынушымен нақты анықталуы керек.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларын орындамаудан болатын қауіпті салдар

Қауіпсіздік техникасы нұсқауларын орындамау адам денсаулығы мен өміріне қауіпті салдар тудырып, қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасындағы нұсқауларды орындамау өтемақыны қайтару бойынша барлық кепілдік міндеттемелерінің күшін жоюы мүмкін.

Өсіресе, қауіпсіздік техникасы талаптарын орындамау келесі қауіптерді тудыруы мүмкін:

- жабдықтың негізгі функцияларының жұмыс істемеуі;
- алдын ала жазылған техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электрлік немесе механикалық факторларға байланысты қызметкерлер денсаулығы мен өміріне төнетін қауіп.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, орындау

Жұмыстарды орындау кезінде осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасындағы нұсқаулар, қауіпсіздік техникасы бойынша ұлттық реттеулер, жұмыстарды орындау, пайдалану және қауіпсіздік техникасы бойынша тұтынушы аумағында жарамды кез келген ішкі реттеулер сақталуы керек.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық қолданыста болса, жылжымалы тораптар мен бөлшектердің қорғаныс қалқандарын демонтаждауға тыйым салынады.
- Электр энергиясымен байланысты туатын қауіпті ескермеу керек (қосымша ақпарат үшін ЭҚЕ реттеулерін және жергілікті ток беруші мекемелерді қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен монтаждау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы барлық техникалық қызмет көрсету, бақылау және монтаждау жұмыстарын осындай жұмыстарға рұқсаты бар және монтаждау және пайдалану нұсқаулығымен толығымен таныс, білікті қызметкерлермен орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Барлық жұмыстар үнемі өшірулі жабдықпен жүргізілуі керек. Жабдықты тоқтату кезінде монтаждау және пайдалану нұсқаулығында сипатталған жұмыс тәртібі сақталуы керек.

Жұмыстар аяқталған кезде барлық демонтаждалған қорғаныс және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы керек.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтау немесе өзгерту жұмыстарын тек өндірушімен келісіп орындауға рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер және өндіруші фирмамен пайдалануға рұқсат етілген құрамдастар пайдалану сенімділігін қамтамасыз етуі керек.

Басқа өндірушілер тораптары мен бөлшектерін пайдалану өндірушінің осының салдарынан туатын қауіптен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықтың пайдалану сенімділігіне «Қолдану аясы» бөліміндегі функциялық тағайындауға сәйкес жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық деректерде көрсетілген рұқсат етілетін мәндер барлық жағдайларда үнемі сақталуы керек.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдық тасымалын жабық вагондарда, жабық автокөліктерде, әуе, су немесе теңіз тасымалымен жүргізу керек.

Механикалық факторлар әсеріне байланысты жабдық тасымалдау жағдайлары ГОСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Бумадағы жабдықты тасымалдау кезінде өздігінен жылжуын болдырмас үшін тасымалдау құралдарына берік бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау жағдайлары ГОСТ 15150 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Сақтау температурасы: $-20\text{ }^{\circ}\text{C}$ және $+70\text{ }^{\circ}\text{C}$ аралығы. Барлық сақтау мерзімі ішінде консервация талап етілмейді.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескерту

Осы нұсқауларды орындамау адамдар денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.

Назар
аударыңыз

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау жабдықтан және оның зақымынан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Нұсқау

Жұмысты жеңілдететін және жабдықтың қауіпсіз қолданысын қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар.

Анықтамалар мен қысқартулар

Атауы	
IR	Инфрақызыл
SAR	Меншікті сіңіру коэффициенті
BT	Bluetooth
Радио	Радио байланыс

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Grundfos GO қолданбасы Grundfos құралдарына деректерді тасымалдайтын сымсыз арна бойынша қосуға пайдаланылады.

Ол Apple App Store және Google Play онлайн дүкендерінде қолжетімді.

Grundfos GO қолданбасы ұялы интерфейстік модульдердің бірімен пайдаланылуы керек:

- Grundfos MI 202
- Grundfos MI 204
- Grundfos MI 301.

Ұялы интерфейстік модульдер – ИҚ порттары мен радио байланысы кірістірілген модульдер.

Нұсқау

Grundfos құрылғысында ИҚ порты немесе радио арнасы бойынша байланысқа қолдау көрсетілуі керек.

MI 202/204 жеткізілетін жинағы

- Grundfos MI 202/204 модулі
- Қысқаша нұсқаулық (Quick Guide).

MI 301 жеткізілетін жинағы

- Grundfos MI 301 модулі
- USB кабелі бар зарядтағыш құрылғы
- Қысқаша нұсқаулық (Quick Guide).

Нұсқау

Құрылғыны пайдалану кезінде осы нұсқаулыққа жүгіну керек. Құрылғы басқа антеннамен немесе таратқышпен бірге үйлестірілмеуі және пайдаланылмауы керек.



Ескерту Құрылғыны медициналық құралдар, оның ішінде жеке тағайындалған, (есту аппараттары, кардиостимуляторлар) жанында пайдалануға тыйым салынады.

Тағайындауы

Бұл құрылғы Grundfos құралдарын қашықтан басқаруға арналған.



Айқ. Атауы

- 1 Әдепкі белгі
- 2 Өнім нөмірі

Айқ. Атауы	
3	Сериялық нөмір
4	Шығарылған күні [1-ші және 2-ші сан – шығарылған жылы, 3-ші және 4-ші сан – шығарылған апта]
5	Шыққан елі
6	Әр түрлі елдердегі сымсыз байланыс стандарттарына сәйкестікті растау туралы ақпарат
7	Нарықтағы өтініш белгісі



Айқ. Атауы	
1	Әдепкі белгі
2	Өнім нөмірі
3	Сериялық нөмір
4	Шығарылған күні [1-ші және 2-ші сан – шығарылған жылы, 3-ші және 4-ші сан – шығарылған апта]
5	Шыққан елі
6	Әр түрлі елдердегі сымсыз байланыс стандарттарына сәйкестікті растау туралы ақпарат
7	Нарықтағы өтініш белгісі

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алу кезінде буманы және жабдықты тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін зақымға тексеріңіз. Буманы қолдану алдында ішінде құжаттар және кішкентай бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдық жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымдалса, тасымалдау компаниясымен бірден хабарласыңыз және жабдық жеткізушісіне хабарласыңыз.

Жеткізуші ықтимал зақымды мұқият қарау құқығын сақтайды.

Орамын қоқысқа тастау туралы ақпаратты

18. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат.

5.2 Жылжыту



Ескерту

Қолмен орындалатын көтеру, тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелер шектеуін сақтау керек.

Назар
аударыңыз

Жабдықты қуат кабелінен көтеруге тыйым салынады.

6. Қолдану аясы

Grundfos GO қолданбасы және MI 202, MI 204 және MI 301 байланыс модульдері Grundfos жабдығын қашықтан реттеуге және оларды басқаруға арналған.

Нұсқау

Төменде Grundfos GO қолданбасын пайдалануға сыналатын және қолдау көрсетілетін смарт құрылғылар тізімі берілген.

Өндіруші	Үлгі	MI 202	MI 204	MI 301
Apple	iPod touch 4G	•		•
	iPod touch 5G		•	•
	iPhone 4, 4S	•		•
	iPhone 5, 5S, 5C		•	•
	iPhone 6, 6 Plus		•	•
	iPad, iPad Mini		•	•
Asus	Nexus 7			•
	Transformer TF101			•
	Transformer TF300			•
Google	Galaxy Nexus			•
	Nexus 4			•
	Nexus 10			•
HTC	Desire S			•
	One S			•
	Sensation			•
Motorola	Xoom2			•
	Moto X (XT1053)			•
Samsung	Galaxy S II			•
	Galaxy S III			•
	Galaxy tab 2 7,0			•
Sony	Xperia Arc			•
	Xperia Arc S			•
	Xperia Tipo			•
	Xperia V			•

Ескертпе: Android және iOS платформаларындағы осындай құрылғылар да қолданбамен істеуі мүмкін, бірақ Grundfos компаниясымен сыналмаған.

6.1 Grundfos қолдау көрсетілетін өнімдері

Продукт	Байланыс	
	ИҚ	Радио
MAGNA3 циркуляциялық сорғысы		●
UPE және MAGNA циркуляциялық сорғылары	●	
CME, CHIE, MTRE көп сатылы сорғылары	●	●*
CRE, CRNE, CRIE көп сатылы сорғылары	●	●*
TPE бір сатылы сорғысы	●	●*
NBE, NKE бір сатылы сорғылары	●	●*
MP 204 электр қозғалтқышының қорғаныс құрылғысы	●	
Grundfos Hydro Multi-E қысым өсімін орнату	●	●*
Grundfos AUTOADAPT канализациялық жүйесі	●	●**
Қосымша IO 351 кірістер-шығыстар модулі	●	
CU 3 қозғалтқышының қорғаныс құрылғысы	●	
CU 300, 301 контроллерлері	●	
CIU 273 SQFlex	●	
CU 362 Dedicated Controls контроллері		●**

* Тек MGE электр қозғалтқышы, H немесе одан бұрынғы үлгісі.

** Тек CIM 060 қосымша модулімен.

7. Жұмыс принципі

Grundfos шығарған жабдық пен Grundfos GO қолданбасы арасындағы деректер алмасу MI 202, MI 204 және MI 301 байланыс модульдері, радио арнасы немесе ИҚ порты арқылы жүзеге асады.

8. Механикалық бөлшектерді монтаждау

8.1 MI 202 және MI 204

MI 202 және MI 204 жүйелері Apple құрылғыларының кеңейту модульдері болып есептеледі.

Apple iPod touch 4, iPhone 4 және 4S үшін MI 202 пайдаланыңыз. iPhone 5 және iPhone 6 сияқты Lightning саңылауы бар құралдар үшін MI 204 пайдаланыңыз.

Made for



iPod



iPhone

«iPod, iPhone үшін жасалған» тіркесі электрондық қосалқы құрылғы iPod немесе iPhone құралымен пайдалануға дайындалғанын және Apple компаниясының техникалық нормаларына сәйкес әзірлеушілерімен сертификатталғанын білдіреді.

Нұсқау

Apple компаниясы осы құрылғы жұмысына немесе қауіпсіздік талаптары мен нормативтік құжаттарға сәйкес болуына жауапты емес. Осы қосалқы құрылғыны iPod құралымен пайдалану сымсыз байланыс жұмысына әсер етуі мүмкін.

8.2 MI 301

MI 301 жүйесі Android немесе iOS платформасындағы смарт құрылғыға Bluetooth арқылы жалғанатын модуль болып есептеледі. Литий-ионды аккумуляторлық батареялары кірістірілген MI 301 модулінде бөлек зарядтағыш құрылғы бар.

Made for



iPod



iPhone

Нұсқау

«iPod, iPhone үшін жасалған» тіркесі электрондық қосалқы құрылғы iPod немесе iPhone құралымен пайдалануға дайындалғанын және Apple компаниясының техникалық нормаларына сәйкес әзірлеушілерімен сертификатталғанын білдіреді. Apple компаниясы осы құрылғы жұмысына немесе қауіпсіздік талаптары мен нормативтік құжаттарға сәйкес болуына жауапты емес. Осы қосалқы құрылғыны iPod құралымен пайдалану сымсыз байланыс жұмысына әсер етуі мүмкін.

Жабдықты монтаждау туралы қосымша ақпарат қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

9. Электр жабдықты қосу

MI 202 және MI 204

MI 202/204 жүйесін Apple құрылғысы ұясына мұқият жалғаңыз. Бұның дұрыс бұрышпен істелгенін және MI 202/204 ұялы интерфейсі Apple құрылғысына толығымен жалғанын тексеріңіз.

MI 202/204 модулін пайдаланылмаған кезде Apple құрылғысынан оңай ажырата аласыз; бұл үшін оны дұрыс тартыңыз.

MI 301

Bluetooth қосылымы

MI 301 модулі Android немесе iOS платформасындағы смарт құрылғыға Bluetooth арқылы жалғанады.

Құрылғыны жалғау үшін, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

10. Пайдалануға беру

MI 202 және MI 204

MI 202/204 жүйесін Apple құрылғысы ұясына мұқият жалғаңыз.

Бұның дұрыс бұрышпен істелгенін және MI 202/204 ұялы интерфейсі Apple құрылғысына толығымен жалғанын тексеріңіз.

MI 202/204 модулін пайдаланылмаған кезде Apple құрылғысынан оңай ажырата аласыз; бұл үшін оны дұрыс тартыңыз.

MI 301

Android платформасындағы смарт құрылғы

1. Android платформасындағы смарт құрылғы және MI 301 модулі толығымен зарядталғанын және араларындағы қашықтық 1 метрден аспайтынын тексеріңіз.
2. MI 301 модулін қуат түймесі көмегімен қосыңыз. Желі индикаторы бес секунд сайын жыпылықтап, MI 301 модулі толығымен зарядталғанын және жұмысқа дайын екендігін білдіреді.
3. Смарт құрылғыдан Grundfos GO қолданбасын іске қосыңыз. [List] (Тізім) немесе [Connect] (Қосу) түймесін басыңыз. Bluetooth арнасын смарт құрылғыдан автоматты қоссаңыз, MI 301 қосылымы сұрауы беріледі. Қосу үшін [OK] түймесін басыңыз.

[List] (Тізім) түймесін басқан кезде «No Grundfos MI 301 connected» (Grundfos MI 301 құрылғысы қосылмаған) хабары пайда болады. Қосыла бастағанша бірнеше секунд күтсеңіз, диалог терезесі автоматты түрде жойылады.

Нұсқау



4. MI 301 байланысты құрылғысы Android платформасындағы құрылғымен пайдаланылған кезде, қолданба іске қосылып, MI 301 модулі қосылып Bluetooth қосылымының қолжетімді ауданында болса, қосылым қолданбаны іске қосқаннан кейін автоматты орындалады.

Балама ретінде қосылымды негізгі мәзір арқылы орындауға болады. «Settings» (Теңшеулер) > «Remote» (Қашықтан) > «Pair with MI» (MI жүйесімен жұптастыру) тармағын таңдаңыз.

iOS платформасындағы смарт құрылғы

1. Смарт құрылғы және MI 301 модулі толығымен зарядталғанын және араларындағы қашықтық 1 метрден аспайтынын тексеріңіз.
2. MI 301 модулін қуат түймесі көмегімен қосыңыз. Желі индикаторы бес секунд сайын жыпылықтап, MI 301 модулі толығымен зарядталғанын және жұмысқа дайын екендігін білдіреді.
3. Apple құрылғысынан Bluetooth қосыңыз. Қолжетімді құрылғылар тізімінен MI 301 тауып, құрылғыны қосыңыз. Смарт құрылғыдан Grundfos GO қолданбасын іске қосыңыз. Дисплейдің төменгі жағында «Mobile interface connected» (Ұялы интерфейс жалғанған) хабары көрсетіледі.
4. Жасыл жарық индикаторы MI 301 модулінің күйін көрсетеді.

Зеленый световой индикатор показывает состояние модуля MI 301.

Индикатор	Сипаттама
Бес секунд сайын жыпылықтайды 	MI 301 модулі қосылған және пайдалануға дайын.
Секунд сайын жыпылықтайды 	Аккумуляторлық батареяны зарядтау керек.
Үнемі қосулы	Аккумуляторлық батарея зарядталуда.


Құралды қызмет мерзімінде жүйелі түрде диагностикалау қажет емес.

11. Пайдалану

Пайдалану жағдайлары келесі бөлімде келтірілген:

14. Техникалық сиппатамалар.

«Connect» (Қосылу) функциясы көмегімен «Remote» (Қашықтан) мәзірінен Grundfos құралына қосылуға болады.



TM05 3529 3713

1-сур. Grundfos құралына қосылу

Әрекет	Айқ.	Толығырақ мәлімет
Ұялы интерфейстік модуль жалғанын тексеріңіз.	1	9. Ақаулықтың алдын алу және жою
Қажетті қосылу әдісін таңдаңыз:		
<ul style="list-style-type: none"> Radio – List/Радио – Тізім: Сигналдың қолданыс ауданынан радио арнасы бойынша қолжетімді Grundfos құралдарын іздеңіз. 	2	11.1 Радио – Тізім
<ul style="list-style-type: none"> Radio – Connect/Радио – Қосылу: Радио байланыс арқылы Grundfos белгілі бір құралына қосылу. 	3	11.2 Радио – Қосылу

Әрекет	Айқ.	Толығырақ мәлімет
<ul style="list-style-type: none"> ИҚ – Қосылу: Инфрақызыл сигнал көмегімен Grundfos белгілі бір құралына қосылу. 	4	11.3 ИҚ – Қосылу
Мәзірді ашу немесе жабу үшін, саусақпен басу немесе жүргізу керек.	5	
Экранға анықтама шығару үшін, [Help] (Анықтама) түймесін басыңыз.	6	11.5 PDF пішімінде есеп жасау

11.1 Радио – Тізім

«Radio – Connect» (Радио – Қосылу) және «Radio – List» (Радио – Тізім) Grundfos GO қолданбасы мен Grundfos құралдары арасында радио байланыс орнату әдістері болып есептеледі. Сонымен қатар, *11.2 Радио – Қосылу* бөлімін қараңыз. Grundfos құралына қолдау көрсетілетінін тексеру үшін, *6.1 Grundfos қолдау көрсетілетін өнімдері* бөлімін қараңыз.

Физикалық қатынасты қамтамасыз ету қиын құралдарға немесе күйлерді жылдам қарауға «Radio – List» (Радио – Тізім) тармағын пайдаланыңыз. Grundfos құралын алғаш қосқан кезде құлыптан босату керек. Құлып таңбасы құралдың құлыпталғанын немесе құлыптан босатылғанын көрсетеді.



Grundfos құралы құлыптан босатылған.



Grundfos құралы құлыпталған.

Құралды құлыптан босатып, оған қосылу үшін, келесі әрекеттерді орындаңыз:

Саты Сипаттама

Дисплей

- 1 [List] (Тізім) түймесін басыңыз.




- 2 Радио сигналдың қолданыс ауданында Grundfos барлық өнімдері тізімделеді. Барлық өнімдерді сканерлеуге шамалы уақыт кетуі мүмкін.



Саты Сипаттама

Дисплей

- 3 Тізімде құрал атауы, сорғы күйі, сигнал қуаты және құлыпталғаны немесе құлыптан босатылғаны туралы ақпарат көрсетілген.




- 4 Тізімнен қызықты сорғы орнын анықтау үшін, ұялы құрылғының дисплейінен оң жақ суреттегі бөлектелген түймені бассаңыз, сорғының Grundfos Eye ортасындағы нүкте пішіндес жарық индикаторы жыпылықтайды. **11.4 Қашықтан басқару кезіндегі сигнализация** бөлімін қараңыз. Жыпылықтауды азайту үшін, түймені тағы бір рет басыңыз.



- 5 Құралды қосу үшін, құрал атауын басыңыз.



- 6 Егер құрал құлыпталса, [OK] түймесін немесе қосуға арналған түймені басыңыз.



- 7 Қосылым орнатылды, Grundfos GO қолданбасында құралды басқару тақтасы көрсетіледі.



- 8 Құралдан өшіріп, басқасына қосу үшін, [Disconnect] (Ажырату) түймесін басыңыз.



11.2 Радио – Қосылу

«Radio – Connect» (Радио – Қосылу) және «Radio – List» (Радио – Тізім) Grundfos GO қолданбасы мен Grundfos құралдары арасында радио байланыс әдістері болып есептеледі. Сонымен қатар, 11.1 Радио – Тізім бөлімін қараңыз. Grundfos құралына қолдау көрсетілетінін тексеру үшін, 6.1 Grundfos қолдау көрсетілетін өнімдері бөлімін қараңыз. Құралға жылдам және тікелей қатынас алу үшін, «Radio – Connect» (Радио – Қосылу) функциясын пайдаланыңыз. Қосылым орнату үшін, келесі әрекетті орындаңыз:


Саты Сипаттама

Дисплей

- 1 «Radio» (Радио) жанынан [Connect] (Қосылу) түймесін басыңыз.



- 2 Grundfos Eye ортасындағы жарық индикаторы сигналдың қолданыс ауқымындағы барлық қолдау көрсетілетін құралдарда жыпылықтайды. [OK] түймесін немесе қосылу керек құралдағы бөлектелген түймені басыңыз.



- 3 Қосылым орнатылды, Grundfos GO қолданбасында құралды басқару тақтасы көрсетіледі.



- 4 Құралдан ажыратып, басқасына қосу үшін, [Disconnect] (Ажырату) түймесін басыңыз.



11.3 ИҚ – Қосылу

«IR – Connect» (ИҚ – Қосылу) – инфрақызыл порт арқылы Grundfos құралымен байланыс әдісі.

Саты Сипаттама

Дисплей

- 1 Grundfos GO қолданбасын MI 202 немесе MI 204 құрылғыларымен пайдалану кезінде MI құрылғысын 180 градусқа бұрап, ИҚ портын құралға бағыттаңыз.



- 2 «IR» (ИҚ) жанынан [Connect] (Қосылу) түймесін басыңыз.



Саты Сипаттама

Дисплей

- 3 MI құрылғысы ИҚ порты арқылы Grundfos құралына қосылады.



- 4 Деректерді жүктеу. Барлық деректер берілмейінше MI құрылғысын қозғалтпаңыз. ИҚ порты арқылы жалғаған кезде құралда жарық индикаторы жыпылықтайды.



- 5 Қосылым орнатылды, Grundfos GO қолданбасында құралды басқару тақтасы көрсетіледі. *11.4 Қашықтан басқару кезіндегі сигнализация бөлімін қараңыз.*



- 6 Құралдан өшіріп, басқасына қосу үшін, [Disconnect] (Ажырату) түймесін басыңыз.



11.4 Қашықтан басқару кезіндегі сигнализация


Grundfos Eye жүйесінің орталық жарық индикаторы жанып, Grundfos GO қолданбасымен орнатылған байланысты хабарлайды.


2-суретті көріңіз.




2-сур. Grundfos Eye

Кейінірек кестеде орталық жарық индикаторының күйі сипатталған (Grundfos Eye ортасындағы нүкте).

Сигнал	Сипаттама	Орталық жарық индикаторының күйі
Жыпылықтау	Grundfos GO қолданбасының іске қосу терезесінен «Тізім» мәзірі таңдалса, пайда болған тізімнен қызықты құрылғы орнын анықтау түймесін бассаңыз (11.1 Радио – Тізім бөлімін қараңыз), сорғыда Grundfos Eye орталық индикаторы жыпылықтай бастайды.	Бір секундтық кідірістен кейінгі тез жыпылықтайтын төрт сигнал құралдың бар екендігін көрсетеді. 

Сигнал	Сипаттама	Орталық жарық индикаторының күйі
«Push me» («Мені басыңыз») сигналы	<p>Grundfos GO бағдарламасының іске қосу терезесінен «Қосу» мәзірі таңдалса, радио арнаның қолданыс ауданынан жататын құрылғы «Push me» («Мені басыңыз») хабарын беріп, пайдаланушыдан құралды таңдап, Grundfos GO қолданбасымен деректер алмасуға жол береді. Радио сигналдың қолданыс ауданына жататын барлық құрылғылардың орталық жарық индикаторы үздіксіз жыпылықтап, Grundfos GO қолданбасымен деректер алмасу рұқсатын беру үшін, бағдарламадан [OK] түймесін немесе сорғыда қарастырылған басқасын басуды сұрайтын қалқымалы терезе пайда болады.</p>	<p>50 % циклмен үздіксіз жыпылықтау.</p> 

Сигнал	Сипаттама	Орталық жарық индикаторының күйі
«I am connected» («Байланыс орнатылды») сигналы	Жарық индикаторы құрал мен Grundfos GO бағдарламасы арасында байланыс орнатылғанын хабарлайды. Grundfos GO қолданбасымен байланыс үзілгенше жарық индикаторы тұрақты жанады.	Жарық индикаторы тұрақты жанады. 

11.5 PDF пішімінде есеп жасау

Ағымдағы мезет туралы құрал күйі туралы толық есепті PDF пішімінде жасап, электрондық поштамен жіберуге болады.

Саты Сипаттама

Дисплей

Apple

құрылғысында:

- 1 Құралдар тақтасының төменгі бөлігінен [Reports] (Есептер) түймесін басыңыз.




- Android құрылғысында:**
- 1 Құралдар тақтасынан құрылғы мәзірі түймесін басып, «New report» (Жаңа есеп) түймесін басыңыз.



- 2 Экранда шығарылатын нұсқауларды орындап, есеп жасалғанға дейін «>» түймесін басыңыз. Есепке жеке ескертпелер мен фотосуретті қосуға болады.



- 3 Есепті электрондық поштамен жіберу немесе жергілікті принтерден басып шығару үшін, [Export] (Экспорт) түймесін басыңыз.*



* Apple AirPrint қолдау көрсетілетін принтерлерге арналған Apple құрылғысында тек басып шығару опциясы бар. Есепті электрондық поштамен құрылғыға жіберу үшін, электрондық поштаның есептік жазбасы қосылуы керек.


Есеп Grundfos GO қолданбасында автоматты сақталады. Оны Grundfos GO бас мәзірінен қарауға болады: «Remote» (Қашықтан) мәзірінен «Browse reports» (Есептерді шолу) опциясын таңдаңыз.

11.6 Анықтама


Анықтама мәтіндері кейбір белгішелер мен түймелер үшін қолжетімді.



Экран астынан осы белгішені басыңыз.



Толық сипаттамасы бар барлық нысандардан осы белгішені басқан кезде сұрақ белгісі пайда болады.



Қызықты нысанда пайда болған сұрақ белгісін басқан кезде экранда сипаттамасы шығады. Сипаттаманы жабу үшін, [OK] түймесін басыңыз.



Экранның төменгі оң жақ бұрышынан [X] түймесін басып, анықтаманы жабыңыз.

Құралды пайдалану туралы қосымша нұсқаулар қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

12. Техникалық қызмет көрсету

12.1 Тазалау

Құрылғы бетін құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

12.2 Аккумуляторлық батарея

MI 301 модулінің литий-ионды аккумуляторлық батареясы аккумуляторлық батарея (2006/66/EC) директивасына сәйкес. Құрамында сынап, қорғасын және кадмий жоқ.

MI 202 және MI 204 модульдері энергиясын үнемдеу

Батарея зарядын үнемдеу үшін, құрылғыны пайдаланбаған кезде өшіру ұсынылады. Apple құрылғысын қуат түймесін бірнеше секунд басып тұрып, экрандағы жүгірткіні жылжытумен өшіріңіз.

Құрылғыны қосу үшін, Apple логотипі пайда болғанша қуат түймесін басып тұрыңыз.

Энергия үнемдеу, MI 301

MI 301 үлгісі 120 секунд пайдаланылмаса, ол автоматты өшеді. Оны қолмен өшіру үшін, қуат түймесін бес секунд басып тұрып босатыңыз. Оны қосу үшін, қуат түймесін басыңыз.

12.2.1 Зарядтау

MI 202 және MI 204

Бұл құралдар Apple құрылғысынан қуатталады. Микро-USB кабелі арқылы Apple құрылғысын MI 202/204 модулі арқылы зарядтауға болады.

MI 301

Құрал аккумуляторлық батареямен жабдықталған. Егер аккумуляторлық батареяны зарядтау талап етілсе, MI 301 модуліндегі жарық индикаторы секунд сайын жыпылықтайды. Оны микро-USB кабелі және зарядтағыш құрылғы көмегімен зарядтауға болады. Толық зарядтау уақыты – төрт сағат. Зарядтау кезінде жарық индикаторы тұрақты жанады.

12.3 Бағдарламалық жасақтаманы орнату және жаңарту

Егер смарт құрылғыға Grundfos GO қолданбасы орнатылса, Apple App Store немесе Google Play онлайн дүкеніндегі бағдарламалық жасақтама жаңартуларының бар-жоғы туралы хабарландыру автоматты түрде пайда болады.

Apple App Store

Apple iOS құрылғыларына арналған Grundfos GO қолданбасын Apple App Store онлайн дүкенінен тегін жүктеуге немесе жаңартуға болады.

Apple App Store онлайн дүкеніне кіріңіз. «Grundfos GO» іздеңіз.



Google Play

Grundfos GO қолданбасын Google Play дүкенінен тегін жүктеуге немесе жаңартуға болады. Келесі Google Play торабына кіріңіз: <https://play.google.com/store/apps>. «Grundfos GO» іздеңіз.



13. Істен шығару

MI 202 және MI 204

MI 202/204 модулін қолданыстан шығару үшін оны Apple құрылғысы ұясынан шығару керек.

MI 301

MI 301 модулін қолданыстан шығару үшін, қуат түймесі арқылы өшіру керек.

14. Техникалық сипаттамалар

Жалпы сипаттамалары

ИҚ ауқымындағы байланыс

Тасымалдау бұрышы	± 12°
-------------------	-------

Ауқым	Мин. 2 метр
-------	-------------

Радио байланыс

Ауқым	IEEE 802.15.4, 2400–2483,5 МГц
-------	-----------------------------------

Ауқым	30 метрге дейін бос ортада (бұрыштық шектеулер жоқ)
-------	---

Жұмыс уақыты (ток тұтынысы 30 мА, аккумуляторлық батарея 100 %-ға зарядталған)	Мин. 8 сағат
--	--------------

Қоршаған орта

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы	Макс. 95 %
---------------------------------	------------

Жұмыс температурасы	-10 °C – +50 °C
---------------------	-----------------

Сақтау температурасы	-20 °C – +70 °C
----------------------	-----------------

Grundfos MI 202/204

Электр қорегі	Apple смарт құрылғысы арқылы
---------------	------------------------------

Ток тұтынысы	Макс. 30 мА
--------------	-------------

Қорғаныс деңгейі	IP40
------------------	------

Grundfos MI 301

Электр қуаты	Литий-ионды аккумуляторлық батарея 3,7 В, 560 мА-сағ, 2,1 Вт-сағ
--------------	--

Ток тұтынысы	Макс. 30 мА
--------------	-------------

Зарядтау уақыты	4 сағат
-----------------	---------

Қорғаныс деңгейі	IP40
------------------	------

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

15.1 Apple iOS құрылғысындағы Grundfos GO қолданбасы

Белгішені басқан кезде қолданба іске қосылмайды.

Қолданба қатып тұрады.

Қолданба ескертусіз жабылады.

Қолданбаны қайта іске қосу керек.

Қолданбаны жабыңыз. Істейтін қолданбаны көру үшін, негізгі беттегі өту түймесін екі рет өте жылдам басыңыз.

IOS 6 және одан бұрынғы нұсқалар:

Белгішелерде қызыл минус пайда болғанша, тақтадан кез келген белгішені басып тұрыңыз.

Grundfos GO қолданбасын жабу үшін, белгішесіндегі қызыл минусты басыңыз. Қолданбаны белгішесі көмегімен қайта іске қосыңыз.

IOS 7 және одан кейінгі нұсқалар:

Grundfos GO алдын ала көру терезесін жойылғанша жоғары сырғытыңыз. Қолданбаны белгішесі көмегімен қайта іске қосыңыз.

Құрылғыда қолданба қолжетімсіз.

Қолданбаны орнату керек.

Apple App Store онлайн дүкеніне кіріп, Grundfos GO қолданбасын тегін жүктеп алыңыз. «Grundfos GO» іздеңіз.

15.2 Байланыс

Құрылғыны ИҚ порты арқылы қосуға болмайды.

Құрал тым алыс.	Құралға жақын тұрыңыз.
Дұрыс емес тасымалдау бұрышы.	Деректер тасымалын $\pm 12^\circ$ дұрыс бұрышымен орындаңыз.
M1301 батареясының заряды тым төмен.	M1 301 толығымен зарядтаңыз. Батареяның төмен заряды қосылымға теріс әсер етеді.
ИҚ портымен нашар байланыс.	M1 202/204 модулін шығарып, iPod немесе iPhone құралына салыңыз. M1 301: Bluetooth қосылымы қосылғанын және M1 301 модулі смарт құрылғымен байланыстырылғанын тексеріңіз.
Қолданба мәселелері.	Қолданбаны қайта іске қосу керек. <i>15.1 Apple iOS құрылғысындағы Grundfos GO қолданбасы</i> бөлімі нұсқауларын пайдаланыңыз.
Сорғының ИҚ порты жоқ.	<i>6.1 Grundfos қолдау көрсетілетін өнімдері</i> бөлімін қараңыз.

Құрылғыны радио арнасы арқылы қосуға болмайды.

Құрал тым алыс.	Құралға барынша жақын тұрыңыз.
Қолданба мәселелері.	Қолданбаны қайта іске қосу керек. <i>15.1 Apple iOS құрылғысындағы Grundfos GO қолданбасы</i> бөлімі нұсқауларын пайдаланыңыз.
Құралдың радио байланысы жоқ.	<i>6.1 Grundfos қолдау көрсетілетін өнімдері</i> бөлімін қараңыз.

15.3 MI 202 және MI 204

Apple құрылғысы қуат түймесін бірнеше секунд басып тұрумен қосылмайды.

Аккумуляторлық батареяның төмен заряды. Зарядтағыш құрылғыны екі-төрт сағатқа жалғаңыз.

Apple құрылғысы ақаулы. Apple қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Grundfos GO қолданбасын іске қосу кезінде «Mobile interface disconnected» (Ұялы интерфейс ажыратылған) жазбасы шығады.

MI 202/204 модулі дұрыс қосылмаған. MI 202/204 модулін шығарып, Apple құралына салыңыз. Оның тірелгенше салынғанын тексеріңіз. Apple құрылғысымен адаптер пайдаланылса, алдымен оны шешіңіз.

MI 202/204 модулі ақаулы. Grundfos компаниясының жергілікті өкілдігіне хабарласыңыз.

iOS мәселесі. Grundfos MI 202/204 модулін өшіріп қосыңыз.

Grundfos GO қолданбасын іске қосуға болмайды.

Apple құрылғысында тым көп қолданба іске қосылған. Қуат түймесін бірнеше секунд басып тұрып, өшіру жүгірткісі пайда болғанша Apple құрылғысын өшіріңіз. Құрылғыны өшіру үшін, жүгірткіні сырғытыңыз. Қуат түймесін Apple логотипі пайда болғанша бірнеше секунд басып тұрып, оны қайта қосыңыз.

15.4 MI 301

MI 301 модулі мен смарт құрылғы қосылымы ажыратылған. Дисплейде «Mobile interface disconnected» (Ұялы интерфейс ажыратылған) жазбасы шығады.

Bluetooth арқылы қосылым қолжетімділігі ауданынан тыс.	Смарт құрылғыны MI 301 модуліне жақын жылжытыңыз. Егер бұл мәселені шешпесе, құрылғыны «GO settings» (GO параметрлері) мәзіріне қайта қосу керек.
--	---

Аккумуляторлық батареяның төмен заряды.	Аккумуляторлық батареяны екі-төрт сағатқа зарядтауға қойыңыз. Батареяның төмен заряды Bluetooth қосылымына теріс әсер етеді.
---	--

Bluetooth қосылымы бойынша MI 301 құрылғысын іздеу кезінде MI 301 модулі тізімде көрсетілмейді.

Bluetooth арқылы қосылым қолжетімділігі ауданынан тыс.	Смарт құрылғыны M1 301 модуліне жақын жылжытыңыз.
--	---

Аккумуляторлық батареяның төмен заряды.	Аккумуляторлық батареяны екі-төрт сағатқа зарядтауға қойыңыз.
---	---

MI 301 модулі өшірулі.	M1 301 модулін қуат түймесі көмегімен қосыңыз. Жарық индикаторы бес секунд сайын жыпылықтайды.
------------------------	--

16. Бұйымды кәдеге жарату

Құрал күйінің негізгі шектік шарттары:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмайтын бір немесе бірнеше құрамдас бөлшектің жарамсыздығы;
2. қолданыстың экономикалық тиімсіздігіне әкелетін жөндеу және техникалық қызмет шығындарының артуы.

Бұл құрал, тораптары мен бөлшектері экология аумағында жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жиналып қоқысқа тасталуы керек.

17. Өндіруші. Қызмет мерзімі

Өндіруші:

Grundfos Holding A/S,

Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты өндіруші ел жабдықтың фирмалық тақтайшасында көрсетілген.

Өндірушінің өкілетті тұлғасы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,

Лешково ауылы, 188-үй.

Еуразиялық экономиялық қауымдастық ауданындағы импорттаушылар:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истринский ауданы,

Лешково ауылы, 188-үй;

«Грундфос» ААҚ

109544, Мәскеу қ., Школьная көш., 39-41, 1-ғимарат;

«Грундфос Қазақстан» ЖШҚ

Қазақстан, 050010, Алматы қ.,

Көк-төбе ықшам ауданы, Кыз-Жібек көш., 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жыл болады.

Тағайындалған қызмет мерзімінен кейін жабдықты пайдалану осы көрсеткішті ұзарту мүмкіндігі шешімін қабылдағаннан кейін жалғастырылуы мүмкін.

Жабдықты осы құжаттағы талаптардан өзге тағайындауға пайдалануға тыйым салынады.

Жабдықтың қызмет мерзімін ұзарту жұмыстары адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес жүргізілуі керек.

Ықтимал техникалық өзгерістер.

18. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптамалар/ қосымша қаптау құралдарының атауы	Қаптамалар/ қосымша қаптау құралдары дайындалатын материалдың әріптік белгісі
Қағаз және картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон)	Қораптар/ жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал	 PAP
Ағаш және ағаштан жасалған материалдар (ағаш, тығын)	Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер	 FOR

**Grundfos компаниясымен қолданылатын
қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы
туралы жалпы ақпарат**



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптамалар/ қосымша қаптау құралдарының атауы	Қаптамалар/ қосымша қаптау құралдары дайындалатын материалдың әріптік белгісі
(тығыздығы төмен полиэтилен)	Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер	 LDPE
Пластик (тығыздығы жоғары полиэтилен)	Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал	 HDPE
(полистирол)	Пенопластан жасалған бекіткіш төсемелер	 PS
Аралас қаптама (қағаз және картон/пластик)	«Скин» түрлі қаптама	 C/PAP

**Grundfos компаниясымен қолданылатын
қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы
туралы жалпы ақпарат**



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптамалар/ қосымша қаптау құралдарының атауы	Қаптамалар/ қосымша қаптау құралдары дайындалатын материалдың әріптік белгісі
---------------------	---	--

Қаптаманың және/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін өндіруші зауыт).

Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы және/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.

Өндіруші шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олар дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Нақты ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық ішіндегі «Өндіруші. Жарамдылық мерзімі» бөлімінде көрсетілген дайын өнімді шығарған өндірушіден сұраңыз. Сұрау кезінде өнім нөмірін және жабдықты өндіруші елді көрсету керек.

RU

Модули беспроводной связи и управления насосным оборудованием торговой марки Grundfos, модели MI 202, MI 204, MI 301 сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01669 срок действия до 27.05.2020 г.



Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Информация о подтверждении соответствия, указанная в данном документе, является приоритетной.

KZ

Grundfos сауда белгісінің сорғы жабдығын сымсыз байланысы мен басқару модульдері, MI 202, M1 204, MI 301 үлгілері Кеден Одағының «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01669, жарамдылық мерзімі: 27.05.2020 ж.



«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімдерді сертификаттау органымен берілген: «Ивановский Фонд Сертификации» ЖШҚ, аккредитация аттестаты

№ РОСС RU.0001.11АИ30, 20.06.2014 ж., Федералдық аккредитация органымен берілген, мекенжайы: 153032, Ресей Федерациясы, Ивановская обл., Иваново қ., Станкостроителей көш., 1-үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Осы құжатта көрсетілген сәйкестік растауы туралы ақпарат басымдыққа ие болады.

По всем вопросам обращайтесь:

Российская Федерация

ООО Грундфос, 109544, Москва, ул. Школьная,
д. 39-41, стр. 1

Тел.: +7 (495) 564-88-00, +7 (495) 737-30-00

Факс: +7 (495) 564-88-11

E-mail: grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске

220125, г. Минск, ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,

БЦ «Порт»

Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73

Факс: +7 (375 17) 286-39-71

E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Қазақстан

Грундфос Қазақстан ЖШС

Қазақстан Республикасы,

KZ-050010 Алматы қ., Көк-Төбе шағын ауданы,

Қыз-Жібек кешесі, 7

Тел: +7 (727) 227-98-54

Факс: +7 (727) 239-65-70

E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

99279871 1117

ECM: 1214552

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark.
© Copyright Grundfos Holding A/S
All rights reserved worldwide.